



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

2-нұсқа:
31.08.2024


ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары	4
3	Тұрғын үй комиссиясының құрамы	4
4	Тұрғын үй комиссиясының жұмыс тәртібі	6
5	Қорытынды ережелер	7



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Тұрғын үй комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Университет) тұрғын үй комиссиясының негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктерін айқындайды.


1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94-1 Заңына;
- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 05 желтоқсандағы №106 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді беру және пайдалану қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №168 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 02 қазандағы №389-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысына.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1-кестеде келтірілген.


1-кесте - Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
<i>Тұрғын үй</i>	тұрақты/уақытша тұруға арналған және пайдаланылатын, белгіленген техникалық, санитарлық, экологиялық, өртке қарсы, басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға жауап беретін, Университетке шаруашылық жүргізу құқығымен және/немесе өзге де негіздер бойынша тиесілі, тұрғын үй алуға үміткерлер арасында бөлінетін және оларға

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

	Университетте жұмыс істеу кезеңіне берілетін жеке тұрғын үй бірлігі (пәтер)
<i>Тұрғын үй комиссиясы</i>	тұрғын үй мәселелері бойынша шешімдер шығаруға уәкілетті Университеттің тұрақты негізде жұмыс істейтін алқалы органы
<i>Университеттің тұрғын үй қоры</i>	Университет балансында тұрған, қызметкерлерге тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде одан әрі жекешелендіру құқығынсыз тұру үшін беруге арналған қызметтік тұрғын үйлер
<i>Мемлекеттік тұрғын үй қоры</i>	коммуналдық тұрғын үй қорына, Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорына не Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорына тиесілі және республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына кіретін тұрғын үйлер
<i>Коммуналдық тұрғын үй қоры</i>	жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы, тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнаулы мемлекеттік мекемеге бекітілген тұрғын үйлер
<i>Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй</i>	коммуналдық тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының азаматтарына сатып алу құқығынсыз ақылы пайдалануға берілетін тұрғын үй
<i>Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй</i>	коммуналдық тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының азаматтарына сатып алу құқығымен ақылы пайдалануға берілетін тұрғын үй
<i>Үміткер</i>	Астана қаласында тұрғын үйі жоқ және құжаттары тұрғын үй беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үйге мұқтаж Университет қызметкері
<i>Үміткердің отбасы мүшелері</i>	үміткермен бірге тұратын жұбайы, балалары, ерлі-зайыптының ата-аналары
<i>Қызметкер</i>	Университетпен еңбек шарты бойынша, оның ішінде толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін жеке тұлға

1.4 Университеттің тұрғын үй комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) - Университетте құрылатын және тұрғын үй мәселелері бойынша шешімдер шығаруға уәкілетті тұрақты негізде жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет

1.5 Комиссияның қызметін бақылауды Университет ректоры жүзеге асырады.

1.6 Комиссия жұмысын ұйымдастыру кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлімнің қарамағында болады.

1.7 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз қызметкерлерін Университетте тұрғын үй комиссиясының болуы және жұмыс істеуі туралы хабардар етуі тиіс.

2 КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ


2.1 Комиссияның негізгі міндеттері құжаттары тұрғын үй беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үйге мұқтаж Университет қызметкерлерінің тізімін енгізу (бұдан әрі - үміткерлер) және Университеттің тұрғын үй қорынан немесе коммуналдық тұрғын үй қорынан үміткерге тұрғын үй беру туралы шешім қабылдау болып табылады.

2.2 Комиссияның функциялары:

- бұрын жалға (жалдауға) берілген тұрғын үйді жекешелендіру тәртібімен тұрғын үйлерді жалға алуға (жалдауға), меншігіне сатып алуға өтініш білдірген Университет қызметкерлерінің өтініштерін уақтылы қарауды қамтамасыз ету;
- үміткер ұсынған құжаттарды қарау;
- үміткердің өтінішін қанағаттандыру туралы шешім қабылдау немесе үміткерге дәлелді келісім бермеу;
- тұрғын үй беру кезектілігі тәртібімен болған кезде үміткерлердің тізімін жасау;
- тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын жасасу мәселесін қарау;
- жекешелендіруге жататын тұрғын үйді коммуналдық тұрғын үй қорына ауыстыруды жүзеге асыру;
- үміткерлердің істерін (материалдарын) сақтау және жүргізу.

2.3 Комиссия өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіпке сай құқылы:

- Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды үміткерден, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға;
- егер қызметкер тұрғын үйді мақсатсыз пайдаланса немесе тұрғын үйдің тұрғын үй-жайын пайдалану шартында келісілмеген өзге де жағдайларда тұрғын үй бөлінген Университет қызметкерімен тұрғын үй-жайды пайдалану шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҮРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

– қызметкердің келісімі бойынша оның қатысуымен тұрғын үйлер мен қосалқы үй-жайлардың, берілген тұрғын үйдің жай-күйіне тексеру жүргізуге.

3 ТҮРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

3.1 Комиссияның құрамы және оның өкілеттік мерзімі Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Комиссия Университет қызметкерлерінен кемінде алты адамның жұп санынан құрылады. Комиссия құрамына Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, олардың ішінде міндетті түрде, қауіпсіздік, құқықтық қамтамасыз ету, кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлімдердің басшылары, кәсіподақ ұйымының өкілі кіреді. Қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуына (дауыс беру құқығынсыз) жол беріледі.

3.3 Комиссияға басшылық жасауды және оның қызметін ұйымдастыруды комиссия төрағасы (ол болмаған кезде – төрағаның орынбасары) жүзеге асырады.

3.4 Комиссияның төрағасы Университет ректоры немесе ол уәкілеттік берген басқа тұлға болып табылады. Төрағаның орынбасарын комиссияның жалпы жиналысы таңдайды.


3.5 Комиссия хатшысы болып кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлімнің өкілі сайланады. Комиссия хатшысы Комиссия мүшелерінің құрамына кірмейді.

3.6 Комиссия төрағасы (ол болмаған кезде – төрағаның орынбасары):

- комиссия отырысының өткізілетін күнін, уақытын және орнын белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- отырыстың күн тәртібін айқындайды;
- отырыстар өткізеді және Комиссияның хаттамасы мен шешімдеріне қол қояды;
- Комиссияның жұмысына қатысты мәселелер бойынша үміткерлерді және олардың тұрғын үй алуға өтініштерін қабылдауды жүзеге асырады.

3.7 Комиссия хатшысы келесі функцияларды орындайды:

- өтініш берген және тұрғын үй алуға құқығы бар үміткерлердің есебін жүргізеді;
- Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша үміткерлерден және Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан келіп түскен өтініштердің, қызметтік жазбалардың есебін жүргізеді;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҮРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

- отырыстың күн тәртібін қалыптастырады, Комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, Комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- Комиссияның хаттамасы мен шешімдерін ресімдейді, Комиссия төрағасының тиісті тапсырмаларын орындайды;
- Университеттің ресми сайтында Комиссия парағының мазмұны мен толықтығын бақылайды;
- Комиссия жұмысында құжат айналымын қамтамасыз ету бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3.8 Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына жеке өзі қатысуға міндетті. Өкілеттіктерді Комиссияның басқа мүшелеріне беруге жол берілмейді.

3.9 Егер белгілі себептермен Комиссия төрағасы мен оның орынбасары болмаса және отырысты ауыстыруға мүмкіндік болмаса, Университет ректорының бұйрығымен Комиссия мүшелерінің арасынан ағымдағы отырыстың төрағасы тағайындалады.

3.10 Егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Комиссияның шешімі заңды болып табылады.

3.11 Комиссияның шешім қабылдауы ашық дауыс беру жолымен жүзеге асырылады. Егер шешім қатысып отырған Комиссия мүшелерінің үштен екісі қабылдаған болса, заңды болады.

3.12 Шешім әрбір үміткер бойынша жеке қабылданады.


3.13 Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған оның барлық мүшелері қол қояды. Хаттамада отырысқа қатысушылардың тізімі, отырыс күні, хаттама нөмірі, күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Хаттамаға қаралатын мәселелердің қысқаша мазмұны, олар бойынша қабылданған шешім, қажет болған жағдайда Комиссия мүшелерінің нақты мәселелер бойынша ерекше пікірі енгізіледі.

3.14 Комиссияның барлық құжаттары кадрлармен жұмыс бөлімінде сақталады.

4 ТҮРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

4.1 Комиссия үміткердің құжаттарын қызметкердің өтініші негізінде қарайды.

4.2 Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

4.3 Комиссияның күн тәртібіне енгізілуге жататын мәселелердің тізбесін Комиссия төрағасы айқындайды.

4.4 Комиссия жыл сайын коммуналдық тұрғын үй қорынан және Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға үміткер қызметкерлердің тізімін жаңартып отырады.

4.5 Комиссия үміткердің құжаттарын қарайды және олардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын негізге ала отырып тұрғын үй алуға қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындайды.

4.6 Комиссия үміткерлердің тұрғын үй жағдайларын тексеру үшін үміткерлер құжаттарының жаңартылған нұсқаларын талап етуге құқылы.

4.7 Қызметкерге тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға үміткерлердің тізіміне енгізуден бас тартылған жағдайда оған ауызша немесе (талап бойынша) жазбаша нысанда дәлелді келіспеушілік (Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді) беріледі.


4.8 Комиссияның Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үй (пәтер, жатақхана бөлмесі) беру туралы шешімі екі данада жасалады, оның біреуі Комиссия хатшысында сақталады, ал екіншісі үміткерге қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде беріледі. Комиссия шешімінің көшірмесі шарт жасасу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін Университеттің құқықтық қамтамасыз ету бөліміне жіберіледі.

4.9 Университет балансындағы тұрғын үйді үміткер мен Университет арасында жасалған шарт негізінде қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметінің қызметкері үміткерге береді.

4.10 Университет балансындағы тұрғын үйлердің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауға жауапты әкімшілік-шаруашылық қызметінің қызметкері Комиссия отырыстарында жыл сайын өз қызметінің нәтижелері туралы баяндайды.

4.11 Қызметкер Университеттің тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйден бас тартқан немесе қызметкердің тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шартының талаптарын орындамауына байланысты және өзге де себептер бойынша тұрғын үйді босатқан жағдайда, Комиссия оны үміткерлер арасында олардың кезектілігіне сәйкес қайта бөле алады.

4.11 Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіруге үміткердің құқықтылығы туралы және жекешелендіруге жататын тұрғын үйді

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет

коммуналдық тұрғын үй қорына ауыстыру туралы Комиссия шешімі хаттамамен үш данада ресімделеді, оның біреуі Комиссия хатшысында сақталады, екіншісі жергілікті атқарушы органға беріледі, үшіншісі өтініш берушіге беріледі.

4.12 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ) Астана қаласының коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру мүмкіндігі туралы сұрау салуы негізінде Университет қызметкерлеріне Комиссия отырысы шақырылады, онда үміткерлердің кезектілік тізіміне сәйкес құжаттары қайта қаралады.

4.13 Комиссия үміткерлердің тұрғын үй жағдайларының өзгеруін тексеру арқылы құжаттардың жаңартылған нұсқаларын сұрайды.

4.14 Комиссия ҚР МАМ-ке өз шешімін ұсынады, ол тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлердің тізімімен, олардың кезектілік тізіміне сәйкес қажетті санымен және үміткерлердің құжаттарымен бірге жүреді.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы құжат бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданыста болады.

5.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде ғылыми кеңес құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

